



**"KEGOC" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 20 желтоқсан N 1331

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "KEGOC" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 2                      ж ы л ғ ы                      2 0                      ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
N                      1 3 3 1                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**"KEGOC" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспары 1-бөлім. "KEGOC" ААҚ-ның жай-күйі және даму перспективалары туралы баяндама 1. "KEGOC" ААҚ-ның миссиясы және ол туралы жалпы мәліметтер**

"KEGOG" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" (бұдан әрі - Қоғам) ашық акционерлік қоғамы " Қазақстан Республикасының энергетика жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі N 1188 қаулысына сәйкес құрылды.

Қоғам 1999 жылғы 26 мамырда Астана қаласының Әділет басқармасында тіркелген, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу нөмірі - 6801-1901-АО.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 473000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы,

Бөгенбай батыр даңғылы, 7. Бастапқы мемлекеттік тіркеу күні 1997 ж. 11.07.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қоғамның құрылтайшысы болып табылады. Қоғамның мемлекеттік акция пакеті 100% құрайды.

Жарияланған жарғылық капитал 100,0 млрд. теңгені құрайды.

Қоғамның миссиясы - Қазақстан Республикасының Бірыңғай энергетикалық жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік саясат шеңберінде қазіргі заманғы техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға сәйкес ұлттық электр желілерін тиімді, сенімді басқаруды жүзеге асыру.

Қоғамның негізгі функциялары мыналар болып табылады:

- барлық меншік нысанындағы Қазақстан БЭЖ объектілерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару;
- жоғары кернеулі ұлттық электр желілерін басқару және Ұлттық электр желілері бойынша электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясының импорты мен экспортын үйлестіру;
- Ұлттық электр желілеріне тұтынушылар мен энергия өндіруші ұйымдардың еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Қоғам мемлекеттердің энергетика саласындағы қызметін үйлестіруші ТМД елдерінің Электр энергетикалық кеңесі мен Орталық Азия елдері кеңесінің мүшесі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қоғамның теңгерімінде мыналар:

барлық кернеудегі электр жеткізу желілері (бұдан әрі - ЭЖЖ) - 23 679,81 км, оның ішінде:

1150 кВ	-	1 422,87 км,
500 кВ	-	5 474,07 км,
220 кВ	-	15 984,6 км,
110-04 кВ	-	798,27 км,

трансформаторлы қосарлы станциялар (бұдан әрі - ҚС) - 72 бірлік, оның ішінде кернеу сыныптары бойынша:

1150 кВ ҚС	-	қуаты 9 371,5 МВА	3 бірлік;
500 кВ ҚС	-	қуаты 11 990 МВА	15 бірлік;
220 кВ ҚС	-	қуаты 10 670,65 МВА	51 бірлік;
110 кВ ҚС	-	қуаты 2,5 МВА	1 бірлік;
35 кВ ҚС	-	қуаты 23,2 МВА	2 бірлік;

ғимараттар мен құрылыстар, арнайы техника, басқа негізгі құрал-жабдықтар бар.

Қоғамның құрамына Қазақстан БЭЖ Орталық Диспетчерлік Басқармасының Бас филиалы (бұдан әрі - ОДБ) және аумақтық белгілері бойынша құрылған 9 филиал - Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс, Батыс, Сарыбай, Солтүстік, Орталық, Шымкент жүйеаралық электр тораптары кіреді.

Атқарушы дирекцияда 8 департамент, 6 басқарма, 3 бөлім (қызмет) жұмыс істейді.


Қоғамның ұйымдық құрылымы:

-----  
 | Акционерлердің жалпы |  
жиналысы

-----  
Директорлар кеңесі

Қызметкерлермен  
 жұмыс жөніндегі басқарма  
 Заң басқармасы  
 Кеңесшілер  
 Ішкі аудит

| Президент |-----> "KEGOC" ААҚ-ның Астана  
каласындағы Өкілдігі



диспетчерлік басқару Сенімділік және еңбекті қорғау	Тұтынушы. лармен жұмыс	Қазына. шылық	жобалар Бақылау есеп	қызметін үйлестіру және құжаттамалық қамтамасыз е т у " К Е Г О С - С е р в и с "
---	------------------------------	------------------	----------------------------	---

мекемесі

2001 жылғы 19 мамырда "Standard & Poors" халықаралық кредиттік рейтинг агенттігі Қоғамға ВВ "болжам тұрақты" кредиттік рейтингін берді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 343 қаулысымен Қоғам вексельдердің бірінші сыныпты эмитенттері тізіміне бір жыл мерзімімен қосылды.

## **2. 2000-2002 жылдарға Қоғам дамуының негізгі өндірістік-қаржылық көрсеткіштері**

2001 жылы Қоғамның желілері бойынша электр энергиясын жеткізу көлемі 2000 жылмен салыстырғанда 2,4 %-ға өсті және 25,1 млрд.кВт.с. құрады. Электр энергиясын жеткізу көлемінің 2001 жылмен салыстырғанда 2002 жылы өсуі Ресей аумағына "AES Екібастұз" ЖШС-мен электр энергиясын экспорттық жеткізуді жүзеге асуына негізделеді.

Техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көлемі 49,56 млрд. кВтс құрады немесе 2000 жылғы көрсеткіштен 2,5 есеге жоғары. 2001 жылы техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көлемінің өсуі электр энергиясы көтерме рыногының субъектілерімен шарттық жұмыстардың жандануына және республика бойынша электр энергиясы өндірімінің ұлғаюына байланысты.

2002 жылы электр энергиясын жеткізу көлемінің 2001 жылмен салыстырғанда 24,1 млрд. кВтс. немесе 3,9 %-ға төмендеуі тұтынушылардың бір бөлігінің меншікті желілер немесе басқа энергия жеткізуші ұйымдардың желілері бойынша электрмен жабдықтауға көшуіне байланысты (Батыс Қазақстан және Қостанай ТЭК-тері, "Испат-Қармет" АҚ, АФЗ, "Қазмырыш" ААҚ ).

2001 жылы Қоғам кірістерінің 2000 жылға қарағанда 22%-ға және 2001 жылға қарағанда 2002 жылы 12,2 %-ға ұлғаюы техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көлемінің ұлғаюына және 2001 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын жеткізуге арналған тарифке Қоғам желілеріндегі электр энергиясының технологиялық шығыстарын өтеуге арналған шығындардың қосылуына негізделеді.

2001 жылдың соңында әдістеме әзірленді және 0,089 теңге/кВт.с мөлшерінде Ұлттық электр желілерінің қолданыстағы желілерін шунттайтын меншікті желілерін

салған электр энергиясын тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер үшін тариф бекітілді.

2002 жылы Қоғамның электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметіне орташа тариф 2001 жылдың деңгейімен салыстырғанда 17%-ға ұлғаяды, бұл ысыраптар құнын есепке ала отырып, тариф әсерінің жыл бойына таралуына байланысты, сондай-ақ электр энергиясын жеткізу бағыты құрылымының өзгеруі мен тұтынушыларға электр энергиясын жеткізу ұзақтығының ұлғаюы есебінен болады.

Техникалық және коммерциялық диспетчерлеу жөніндегі қызметтерді бөлуге байланысты 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап Қоғамның техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтеріне тариф 0, 029 теңге/кВт.с мөлшерінде белгіленді.

Қоғамның 2001 жылы негізгі қызмет бойынша шығыстары 2000 жылмен салыстырғанда 20,5 %-ға өскен, бұл жөндеу мен пайдалану шығындарының 23,5%-ға ұлғаюына, 2001 жылдың екінші жарты жылдығында желілердегі электр энергиясының технологиялық шығыстарын өтеу үшін 834,9 млн. теңге сомасына электр энергиясын с а т ы п а л у ғ а б а й л а н ы с т ы .

2001 жылмен салыстырғанда 2002 жылы шығыстардың 12%-ға ұлғаюы бір жылға есептегенде аймақаралық тораптардағы электр энергиясының технологиялық шығыстарын өтеу үшін 2139,6 млн. теңге сомасына электр энергиясын сатып алу шығындарын қ о с у м е н б а й л а н ы с т ы .

Сонымен қатар, Қоғамның еңбекақы төлеу шығыстары 2001 жылмен салыстырғанда 14,5%-ға төмендейді, бұл Қоғамның ұйымдық құрылымының өзгеруіне б а й л а н ы с т ы .

2000 жылы Қоғам 1,26 млрд. теңге мөлшерінде залалға ұшырады. Залалдардың пайда болуының негізгі себептеріне жекелеген тұтынушылардың шарттар жасасудан бас тартуына байланысты диспетчерлеу бойынша қызметтерден кірістердің толық алынбауы, сондай-ақ құрылысы аяқталмаған объектілердің (1 131,0 млн. теңге сомасына 1150 кВ ЖВЖ "Екібастұз-Ағадыр") есептен шығарылуы жатады.

2001 жылы Қоғам соңғы үш жылда бірінші рет таза кіріске ие болды, оның 10 %-ы дивидендтерді т ө л е у г е ж ұ м с а л д ы .

Қоғамның 2000 жылға қаржылық есебіне аудитті "Deloitte & Touche" компаниясы, 2001 жылға - "Ernst & Young" компаниясы өткізді.

Қоғамның инвестициялық қызметі Қазақстанның барлық энергия жүйелері жұмысының сенімділігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған. Осы мақсатпен Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкі (бұдан әрі - ХҚДБ) мен Еуропа Қайта Жаңарту және Даму Банкінің (бұдан әрі - ЕҚДБ) қарыз қаражаттарын тарта отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық электр желілерін жаңғырту жобасы іске асырылуда.

2000 жылы Ұлттық электр желілерін жаңғырту жобасы аясында мыналар жүзеге а с ы р ы л д ы :

- 500 кВ-тық "Жамбыл" КС-да және 220 кВ-тық "Қызылорда" КС-да

реакторлардың орнатылуы;  
- 220 кВ-тық "Шымкент", "АБТҚС" мен "Нұра" ҚС-да реакторлық және трансформаторлық қуаттарды ауыстыру;  
- әрекет етіп тұрған қосалқы станциялар мен электр жеткізу желілерін қайта жаңарту мен жаңғырту (21 аккумуляторлық батарея, 21 компрессор ауыстырылды, "Алматы" 500кВ ҚС ЗРУ-10 кВ пен "Талдықорған" 220кВ ҚС кеңейтілді);  
- Батыс және Алматы ЖЭТ филиалдарының өндірістік базаларын қайта жаңарту жүзеге асырылды.

2001 жылы Қоғамның жеке қаражаттары есебінен күрделі қаржы жұмсалымдарын игеру 3992,1 млн. теңгені, гранттар мен қарыз қаражаттары есебінен - 61,47 млн. теңгені құрады.

2001 жылы Ұлттық электр желілерін жаңғырту жобасын бірлесіп қаржыландыру шеңберінде:

- 7 қосалқы станцияда 500 кВ "ОҚ-ГРЭС", 500 кВ "Есіл" ҚС, 500 кВ "Жетіқара" ҚС, 220 кВ "Балқаш", "Шу", "Орал", "Нұра" ҚС-да пайдалануға үшфазалы реакторлар мен реакторлық топтар енгізілді.

- Ақмола, Сарыбай, Солтүстік және Орталық ЖЭТ филиалдарының 110-500 кВ жоғары вольтті кірмелері мен басқа да май толтырылған жабдықтары бойынша жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру мақсатымен 1150 кВ "Көкшетау" ҚС-да трансформаторлы-май шаруашылығы (ТМШ) пайдалануға берілді.

Ұлттық электр желілерін жаңғырту жобасынан тыс мыналар қолданысқа енгізілді:

- 220 кВ "Шымкент" ҚС-да 2 күштемелік трансформатор;  
- 220 кВ "Қайрақты", "Кентау", "Қызылорда" және "Сазтөбе" ҚС-да 4 кернеу трансформаторы;

- 11 аккумуляторлық батарея, 8 сығымдауыш қондырғысы және 14 қосалқы станциясындағы 58 асқын кернеу шектегіші;

- жалпы ұзақтығы 454,2 км. электр жеткізу желілерін қайта жаңарту жүзеге асырылды, 24,8 мың дана фарфорлы оқшаулатқыш әйнектікке ауыстырылды;

- 963,45 млн. теңге сомасына монтаждауды қажет етпейтін негізгі құралдар, соның ішінде диагностика аспаптары - 220,6 млн. теңгеге, коммуникациялық жабдықтар мен ДТБҚ - 64,7 млн. теңгеге, компьютерлік және сандық техника - 151,4 млн. теңгеге, көлік құралдары мен арнайы техника - 380,6 млн. теңгеге және басқалары - 146,2 млн. теңгеге сатып алынды.

2002 жылы ХҚДБ мен ЕҚДБ қарыз қаражаттары есебінен күрделі қаржы жұмсалымдарын игеру 4,13 млрд. теңгені құрайды, бұлар сатып алуды жүргізу мен Ұлттық электр желісін жаңғырту жобасын басқару бойынша, телекоммуникациялар мен ЭКЕАЖ бойынша консультациялық қызметтерге ақы төлеуге, жоғары вольтті жабдықтарды, телекоммуникация жүйелерін, коммерциялық электр есептеуіштерін сатып алуға, спорттық/қолма-қол рынок жұмысының ережелерін әзірлеу мен

еңбеккерлерді оқытуға жұмсалады.

Жаңғырту жобасын бірлесіп қаржыландыруға Қоғам 2002 жылы өз қаражатынан 1603 млн. теңге, жобадан тыс шараларға - 2997,0 млн. теңге жұмсауды жоспарлап отыр.

Қазіргі уақытта неміс және орыс мамандарының қатысуымен (RWE Solution AG и ПИИНИИ "Севзапэнергопроект") 500 кВ "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі" транзитінің екінші желісі құрылысының инвестиция алдындағы техникалық-экономикалық негіздемесі (ТЭН) әзірленді. Осы мақсаттарға Қоғам қаражатынан 270,0 мың АҚШ долл. (шамамен 40 млн. теңге) жұмсалды. 2002 жылы Қоғам 500 КВ кернеулі "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігінің" екінші желісі құрылысының жұмыс жобасын әзірлеуді аяқтауды жоспарлап отыр.

Қоғамның 2001 жылы бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төлеген салықтары мен алымдары өзара есепке алуды ескергенде 3,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2000 жылдан 44,2 %-ға жоғары, соның ішінде республикалық салықтар - 1,66 млрд. теңге немесе 66,4%-ға көп жергілікті салықтар - 1,2 млрд. теңге немесе 22,8 % -ға көп.

Шығыстарға жатқызылған салықтар мен алымдар 776,8 млн. теңгені құрады, бұл 2000 жылдан 5,4%-ға жоғары.

### 3. 2000-2005 жылдары электр энергиясы рыногын дамыту

Р/с N	Көрсеткіші	Өлш. лігі	2000 ж. бір. есеп	2001 ж. есеп	2002 ж. баға. лау	2003 ж. бол. жам	2004 ж. бол. жам	2005ж. бол. жам	2005ж. 2002 ж -ға
			% -бен						
3.1.	Электр энергиясын өндіру	млрд.	51,42	55,23	59,0	62,0	65,0	67,0	113
3.2.	Электр энергиясын тұтыну	-//-	54,38	56,66	59,0	62,0	63,7	65,4	110,8
3.3.	Электр энергиясының тапшылығы	-//-	-2,96	-1,43	0	0	1,3	1,6	

2001 жылы Қазақстан Солтүстік және Батыс аймақтары бойынша электр энергиясы өндірімінің ұлғаюы болды, отын құнының жоғарылығына байланысты өндірілетін электр энергияның көтерме рыноктағы бәсеке қабілетсіздігінен Жамбыл ГРЭС-інің ұзақ уақыт тұрып қалу себебі бойынша Оңтүстік аймақта электр энергиясын өндіру 223,1 млн. кВт.с немесе 3,8%-ға төмендеді. 2003 жылы ЖГРЭС-те электр энергиясының өндірімін 1,4 млрд.кВтс-ға дейін ұлғайту көзделуде.

2003-2005 жылдары жоспарланып отырған электр энергиясын өндіру деңгейін

қамтамасыз ету үшін Қазақстан электр станцияларының әлеуетті қуатын барынша жүктемелеу және пайдаланудың техникалық деңгейін көтеру бойынша қажетті іс-шараларды қабылдау қажет. Осы мақсатта, қолдағы бар қуаттарды қалпына келтіру мен кеңейту, сондай-ақ жаңа электр станцияларын салу үшін 1 млрд. астам АҚШ доллары қажет.

Қазақстанның барлық аймағы бойынша 2000 жылмен салыстырғанда 2001 жылы электр энергиясын тұтынудың ұлғаюы болды. Қазақстанның Оңтүстік аймағы бойынша 6,8 %-ға электр энергиясын тұтынудың айтарлықтай өсуі болды.

2001 жылы Қазақстан бойынша электр энергиясын тұтынудың 97,5%-ы жеке электр станцияларымен жабылды, олардан:

Ж Э Т	80,1%
С Э С	14,2%
ГТЭС	3,2%

Алдағы жылдары мұнай мен газ өндіру көлемінің ұлғаюы (қолайлы экономикалық ахуал жағдайында) мен тиісті инфрақұрылымның дамуы есебінен электр энергиясын тұтынудың өсуі Батыс Қазақстанда, сондай-ақ химия өнеркәсібі кәсіпорындарының жандануы жағдайында Оңтүстік Қазақстанда болжануда.

#### **4. Қоғамның техникалық диспетчерлеу және электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтер көлемі**

Электр энергиясын техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтер көлемі 2003 жылы 54,75 млрд. кВт.с. мөлшерінде немесе 2002 жылғы деңгейден 1%-ға жоғары болып жоспарланды.

Техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтер көлемі 2005 жылы 57,66 млрд. кВт.с. -ға дейін ұлғаяды.

Қызметтер көлемінің ұлғаюы электр энергиясы өндірісінің өсуіне байланысты.

Қоғамның желілері бойынша электр энергиясын жеткізу көлемі 2003 жылы 24,5 млрд. кВт.с. (2002 жылғыдан 1,6%-ға жоғары) құрайды, ал 2005 жылға қарай ол ұлғаяды:

"Солтүстік-Оңтүстік" ЭЖЖ құрылысын есепке алмағанда - 2,0 млрд. кВт.с-ға және 26,5 млрд. кВт.с құрайды.

"Солтүстік-Оңтүстік" ЭЖЖ құрылысы ескере отырып 2,6 млрд.кВт.с.-ға және "ОҚҒР С-Шу" телімінің пайдалануға енгізілуіне байланысты 27,0 млрд.кВт.с. құрайды.

Бұл кезде Қоғамның желілері бойынша электр энергиясын жеткізу көлемінде 2001 жылдан бастап тариф бойынша 90% шегеріспен төленетін, жылына Ресей Федерациясына 2,52 млрд. кВт.с. көлемінде "AES (АЭС) Екібастұз" ЖШС-дан электр энергиясын жеткізу қатысатынын атап өту керек.



## **2-бөлім. Қоғам дамуының инвестициялық жоспары 5. Ұлттық электр желілерін жаңғырту жобасын іске асыру**

2003 жылы Қоғам Ұлттық электр желілерін жаңғырту жобасын іске асыруды жалғастырады. ХҚДБ мен ЕҚДБ қаражаттары есебінен инвестициялар 2003 жылы 11,08 млрд. теңге құрайды, олар мыналарға жұмсалады: әрекет етіп тұрған қосалқы станцияларды қайта жаңартуға және жаңғыртуға; жоғары вольтті жабдықтарды орнатуға; телекоммуникация құралдарын, Ұлттық электр желісін басқару жүйесін жаңғыртуға (деректерді бақылау және өңдеу жабдықтары (SGADA), энергетикалық басқару жүйесі ( E M S ) .

Қоғамды біріктірілген жүйемен басқаруға және электр энергиясының коммерциялық есебінің автоматты жүйесін құруға.

Жаңғырту жобасы бойынша Қоғам қаражатынан 2,78 млрд. теңгені игеру ж о с п а р л а н у д а ( Қ Қ С - м е н ) .

Барлығы 2003-2005 жылдары Қоғам ХҚДБ мен ЕҚДБ қаражаттары есебінен 24,02 млрд. теңгені инвестициялайды. Бұдан басқа, жеке қаражаттардан Жаңғырту жобасы бойынша шамамен 8 млрд. теңге жұмсау жоспарлануда.

Тұтастай алғанда, 2003-2005 жылдары Ұлттық электр желілерін жаңғырту жобасына барлық көздерден шамамен 32 млрд. теңгені инвестициялау жоспарлануда.

Осы жобаны іске асыру коммутациялық жабдықтар мен тоқ пен кернеу өлшеу трансформаторларын жөндеу мен пайдалану шығындарын айтарлықтай төмендетуге, төлем тәртібін жақсарту және электр энергиясы мен қуаттың коммерциялық есебінің қазіргі заманғы автоматтандырылған жүйесін (ЭКЕАЖ) құру есебінен Қоғамның кіріс бөлігін көтеруге мүмкіндік береді.

## **6. Ұлттық электр желілерін жаңғырту жобасынан тыс инвестициялар**

2003-2005 жылдарға Қоғам қосалқы станциялар мен желілерді жаңартуға, трансформаторлар мен реакторларды орнатуға, жөндеу мен қойма үй-жайларын құруға және басқаларға бағытталған Ұлттық электр желілерін жаңғырту жобасынан тыс іс-шаралар межелеуде. Осы мақсаттарға Қоғамның 7,09 млрд. теңге (ҚҚС-мен) қаражаттарын жұмсау жоспарлануда. Осы іс-шаралар Қазақстан БЭЖ-дің жұмыс істеуіне қажетті сенімділік деңгейін және тұтынушыларды электрмен жабдықтау сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы қаражаттардан 2003 жылы 2,08 млрд. (ҚҚС-мен) теңге жұмсау жоспарлануда,

бұл 2002 жылғыдан 31%-ға төмен. Ұлттық электр желілерін жаңғырту жобасынан тыс инвестицияларды төмендету Ұлттық электр желілерін жаңғырту жобасын одан әрі іске асыруға бағытталған қаражаттарды оқшауландыруға байланысты.

## **7. 500 КВ "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі" транзитінің екінші желісі құрылысының жобасын іске асыру**

Үкіметтің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1700 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Электр энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2005 жылға дейінгі іс-шаралар жоспарымен", сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарғысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасымен Қазақстанның оңтүстік аймағындағы тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыру және оның Орта Азия елдерінен электр энергиясын импорттаудан энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жалпы ұзындығы 1163 км кернеуі 500 кВ Екібастұз-Ағадыр-ОҚГРЭС-Шу электр жеткізу желілерінің телімдерін с а л у ж о с п а р л а н у д а .

Қазіргі уақытта қолданыстағы 500 кВ Екібастұз-Нұра-Ағадыр-ОҚГРЭС-Алматы-Жамбыл ЭЖЖ-нен тұратын Солтүстік-Оңтүстік электр жеткізу желісі Оңтүстік Қазақстанға 600 МВт электр қуатын немесе 3,0 млрд. кВтс электр энергиясын өткізуге қабілетті. Біртізбекті 500 кВ транзиттен тұратын электр жеткізу желісі қазіргі уақытта Оңтүстік тұтынушыларын электрмен жабдықтаудың сенімділігін және қажетті қуатты өткізуді, сондай-ақ Қазақстан және Орта Азия БЭЖ-нің қосарлана жұмыс істеуінің тұрақтылығын қ а м т а м а с ы з е т е а л м а й д ы .

Кернеуі 500 КВ "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі" транзитінің екінші электр жеткізу желісінің құрылысы өткізу қабілетін ұлғайтуға және Солтүстік Қазақстан электр станцияларынан Қазақстанның оңтүстік облыстарына қосымша 3 млрд. кВтс электр энергиясын өткізуге мүмкіндік береді.

500 кВ екінші желісінің құрылысын 2003-2007 жылдары халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаттарын тарту есебінен жүзеге асыру жоспарлануда. Осы кезеңде қаржыландырудың барлық көздері есебінен күрделі жұмсалымдарды игеру шамамен 273 млн. АҚШ долларын құрайды, оның ішінде 2003-2005 жылдары 174,4 млн. АҚШ долларын (2003 жылы 52,1 млн. АҚШ долл.) инвестициялау жоспарлануда. Қажетті инвестициялар көлемі жобаны қаржыландырудың негізгі техникалық шешімдері мен ықтимал схемалары анықталған, әзірленген инвестиция алдындағы ТЭН нәтижесінде а н ы қ т а л д ы .

2005 жылы "ОҚГРЭС-ШУ" телімін пайдалануға енгізу Қоғамның желілері бойынша электр энергиясын жеткізу көлемін 0,5 млрд. кВт.с-ға ұлғайтуға мүмкіндік береді.

### **3-бөлім. Қоғам дамуының аса маңызды көрсеткіштерінің болжамы**

Қоғамның даму жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 384 қаулысымен бекітілген Электр энергиясын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасында (бұдан әрі - Бағдарлама) және Қазақстан Республикасының электр энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2005 жылға дейінгі іс-шаралар жоспарында (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1700 қаулысы) айтылған электр энергиясын тұтынудың болжамды көлемдерін ескере отырып жасалған және Қазақстан Республикасының өндіргіш қуаттарды пайдалану саясатына негізделген.

2003-2005 жылдарға арналған Қоғамның даму болжамы екі нұсқада жасалған:

- кернеуі 500 кВ "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі" транзитінің екінші электр жеткізу желісінің құрылысы есепке алынбаған;
- кернеуі 500 кВ "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі" транзитінің екінші электр жеткізу желісінің құрылысы есепке алынған.

2003-2005 жылдары Қоғам қызметі мынадай міндеттерді іске асыруға бағытталады:

- ескірген коммутациялық жабдықтарды ауыстыруды, апатқа қарсы автоматиканың қазіргі заманғы құрылғыларын, электр энергиясы мен қуатының ағындарын бақылау және есепке алу құралдарын орнатуды көздейтін ХҚДБ және ЕҚДБ ұзақ мерзімді кредиттерін пайдалана отырып, Қазақстан ұлттық электр желілерін жаңғырту;

- БЭЖ жұмыс істеуінің және республика тұтынушыларын электрмен жабдықтау с е н і м д і л і г і н к ө т е р у ;

- электр энергиясының көтерме саудасының бәсекелі нарығын дамыту және тұтынушылардың электр энергиясын жеткізушілерді еркін таңдауын қамтамасыз ету.

### **8. Қоғам қызметінің қаржылық нәтижелері**

Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер болжамы Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігі жеткізген Қазақстан Республикасы дамуының 2003-2005 жылдарға арналған болжамды макроэкономикалық көрсеткіштерін ескере отырып ж а с а л д ы .

Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштері есебінде мына ережелер мен болжамдар қ а б ы л д а н ғ а н :

- тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға арналған шығыстар тұтыну бағаларының индексін, ұлттық валютаны ауыстыру бағамының өзгеруін есепке ала о т ы р ы п ж о с п а р л а н д ы ;

- амортизацияның есебі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу стандарттарына сәйкес әзірленген Қоғамның қолданыстағы Есеп саясатында

анықталған амортизациялық аударымдардың нормаларына сәйкес орындалды;

- Қоғам қызметін тұтынушылардан 2003-2005 жылдарға арналған негізгі қызметтен төлемдер түсу болжамы - 100%;

- шығыстар бойынша мерзімі өткен берешектердің жоқтығы;

- ХҚДБ мен ЕҚДБ-ға негізгі борыш сомаларын төлеу 1999 жылғы 21 желтоқсандағы N 4526 kz және 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 794 қарыз туралы шарттарда көрсетілген кестелерге сәйкес жүргізіледі;

- ХҚБД және ЕҚДБ жарты жылда бір рет төлейтін кредитті пайдалану құқығы үшін пайыздар мен комиссия сомасының есебі 1999 жылғы 21 желтоқсандағы N 4526 kz және 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 794 қарыз туралы шарттарға сәйкес жүзеге асырылады;

- салықтарды есептеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес жүргізілді;

- кернеуі 500 кВ "Солтүстік-Оңтүстік" электр жеткізу желісінің құрылысы есепке алынған нұсқада қаражаттарды игерудің жоспарланып отырған кестесі және ХҚДБ мен ЕҚДБ-ның қолданыстағы кредиттік келісімдерінің талаптарында халықаралық қаржы ұйымдарының (ХҚҰ) болжалды кредиттері бойынша қажетті төлемдер ескерілген.

### **8.1. Қоғамның кірістері**

2003-2005 жылдар кезеңінде Қоғам негізгі қыаметінен түсетін кірістерді ұлғайтуды жоспарлауда:

Кернеуі 500 кВ "Солтүстік-Оңтүстік" транзитінің ЭЖЖ құрылысының есебінсіз - 2003 жылы 14,31 млрд. теңгеге дейін (2002 ж. қарағанда 13,0%). 2005 жылы Қоғамның негізгі қызметтен түсетін кірісі 17,9 млрд. теңге мөлшерінде жоспарлануда (2003 ж. қарағанда 25,4%-ға ұлғаяды) с.і.:

- электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтерден түсетін кірістер - 2003 жылы 10,98 млрд. теңге (5,5%-ға), 2005 ж. 13,86 млрд. теңге (26,2%-ға);

- техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтерден түсетін кірістер - 2003 жылы 2,63 млрд. теңге (66,5%), 2005 жылы 3,34 млрд. теңге (27,2%-ға);

2003 жылы Қоғам электр қуатын реттеу жөнінде қызметтер көрсетуді бастауды жоспарлап отыр, осындай қызметті көрсетуден алынатын жоспарлы кіріс 2003 жылы 0,70 млрд. теңгені, ал 2005 жылы - 0,74 млрд. теңгені құрайтын болады.

"Солтүстік-Оңтүстік" ЭЖЖ құрылысы есебімен Қоғамның негізгі қызметінен түсетін кіріс 2005 жылы 18,23 млрд. теңгеге дейін (2003 жылға қарағанда 27,4%-ға) ұлғаяды. Кірістің артуы ЭЖЖ-ның бірінші телімінің іске қосылуы есебінен Қоғамның желілері бойынша электр энергиясын беру көлемінің артуымен байланысты.

Осы көрсеткіштер Қоғамның инвестициялық бағдарламаларына сәйкес негізгі құралдардың пайдалануға енгізілуіне және амортизациялық аударымдар мен мүлік салығының, сондай-ақ, қарыздар, салықтар, кедендік алымдар мен баждар бойынша төлемдерді қамтамасыз ету жөніндегі шығыстардың тиісінше ұлғаюына негізделген

Қоғам көрсететін қызметтер көрсетуге арналған тарифтердің қажетті өсуін ескере отырып келтірілгенін атап көрсеткен жөн.

## **8.2. Қоғамның шығыстары**

Қоғамның негізгі қызметі бойынша шығыстары 2003 жылға 14,30 млрд. теңге мөлшерінде (2002 жылға қарағанда 14,1% жоғары) жоспарланып отыр және 2005 жылы 17,27 млрд. теңгеге дейін немесе 2003 жылға қатысты 20,8 % ұлғаяды. " Солтүстік-Оңтүстік" желісін салған кезде 2003 жылы шығыстар - 14,76 млрд. теңгені ( 2002 ж. қарағанда 17,8%), ал 2003 жылы 17,86 млрд. теңгені құрайды немесе 21,0 %-ға (2003 жылға қарағанда) ұлғаяды.

Шығыстардың ұлғаюы мына себептерден туындады:

- Қазақстанның ұлттық электр желілерін жаңғырту жобасы бойынша, сондай-ақ жобадан тыс негізгі құралдардың іске қосылуы 2003 жылдан бастап 2005 жылдар аралығында мүлік салығының 136 млн. теңгеге (20,6%-ға) және амортизациялық аударымдардың 1328 млн. теңгеге (32,5%-ға) өсуіне әкеледі;

- "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі" желісін салу кезінде мүлік салығы бойынша төлемдер 254 млн. теңгеге (38,4%-ға), амортизациялық аударымдар - 1 648 млн. теңге ( 40 , 3 % - ға ) ұ л ғ а я д ы ;

- шығыстарға реттелетін қуаттарды сатып алуға арналған шығындар енгізіліп отыр;  
- жоғарыда атап өткендей, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға арналған шығыстар Қазақстан Республикасы дамуының макроэкономикалық көрсеткіштеріне сәйкес индекстелген;

- 2003 жылы қарыз қаражаттары бойынша төлемдер 351,1 млн. теңгені құрайды, " Қазақстанның Солтүстік - Оңтүстігі" электр жеткізу желісінің құрылысы кезінде Қоғам қ о с ы м ш а 464 млн. теңге төлейді.

2003-2005 жылдары Қоғамның теңгеріміндегі электр желілік объектілерді күрделі жөндеу мен пайдалануға арналған шығындар 2003 жылы 3 741 млн. теңгеден (2002 ж. 27,8% ) 2005 жылы 4 176 млн. теңгеге дейін немесе 2003 жылға қатынасы бойынша 11,6% -ға дейін ("Солтүстік-Оңтүстік" желісінің құрылысы кезінде - 4 213 млн. теңге н е м е с е 12 , 6 % - ға ) ұ л ғ а я д ы .

Қазақстанның ұлттық электр желісін жаңғырту одан әрі іске асыруға байланысты Қоғам 2003 жылы 279,8 млн. теңге сомасына резидент емес үшін төлем көзінен табыс салығын төлеуді жоспарлауда, тұтастай алғанда 2003-2005 жылдары резидент емес үшін төлем көзінен ұсталатын табыс салығының мөлшері 634,2 млн. теңгені құрайды.

## **8.3. Қаржы нәтижесінің болжамы**

2003 жылы Қоғам дивидендтер мен өткен жылдар залалдарын ішінара жабу үшін резервтік капитал құруға бағытталатын 8,4 млн. теңге сомасында таза кіріс алуды ж о с п а р л а у д а .

"Солтүстік-Оңтүстік" желісін салу есепке алынған нұсқада әдеттегі қызметтен келетін залал 2003 жылы 455,6 млн. теңгені құрайды.

2003-2005 жылдардағы кезеңде Қоғамның әдеттегі қызметтен алатын таза кірісі жалпы сомада 627,3 млн. теңгені (тарифтердің артуын ескерумен) құрайды. Тарифтерді есептеу Қоғамның операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті кірістерді және "АЭС (АЭС) Екібастұз" ЖШС-ден Ресейге электр энергиясын беру үшін 90% мөлшерінде тарифтен шегеру беру ескерумен жоспарланған инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыруды ескере отырып жасалды.

Аталған деңгей ХҚДБ мен ЕҚДБ қарыз қаражаттары бойынша мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ету мен қарыздарды өтеу бойынша міндеттемелерді уақтылы орындау үшін ақша қаражаттарының резервін құруға жеткілікті болып табылады.

Алынған таза кірісті дивидендтерді төлеуге, қарыздар бойынша төлемдерге және өткен жылдар залалдарын жабу үшін резерв құруға бағыттау жоспарлануда.

## **9. Тарифтерді жоспарлау**

Қарастырылып отырған кезеңде Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігімен бірлесіп тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін және сапасын арттыруға бағытталған Қоғамның тариф саясатын одан әрі жетілдіру жоспарлануда.

2003 жылдан бастап қызметтер көрсетудің үш түріне Қоғамның желілері бойынша электр энергиясын беруге, техникалық диспетчерлендіру мен қуатты реттеуге тарифтер е н г і з у к ө з д е л е д і .

Ұлттық электр желісінің тиімді қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті, соның ішінде оны жаңғырту жобасын іске асырумен байланысты шығындар деңгейін өтеу мақсатында Қоғам электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған тарифтерді 2003 және 2004 жылдары жыл сайын 7 %-ға, 2005 жылы 8 %-ға арттыруды к ө з д е п о т ы р .

"Солтүстік-Оңтүстік" желісінің құрылысы бар нұсқада 2003-2005 жылдары электр энергиясын жеткізуге жоспарланып отырған тариф шамасы "Солтүстік-Оңтүстік" желісінің құрылысы есепке алынбаған нұсқадағыдай деңгейде қалады, аталған жобаны іске асыру үшін қажетті төлемдер таза кірісті азайту есебінен жүзеге асырылады.

Көрсетілген тарифтер қолданыстағы әдістемеге сүйене отырып жобаланады. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі орта мерзімді негізде шекті тарифтерді есептеудің жаңа әдіснамасын, сондай-ақ өнеркәсіп салаларының дамуы жағдайында тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың құрылымы мен схемасын өзгертуді енгізген жағдайда жоспарланып отырған тарифтер түзетілуі мүмкін.

## **10. Ақша қаражаттарын пайдалану болжамы**

2003-2006 жылдары Қоғам өзінің қарамағына 79,91 млрд. теңге мөлшерінде қаражаттарды алуды жоспарлайды (оның ішінде 2003 ж. - 27,67 млрд. теңге), соның ішінде мына көздер есебінөн түсетіндері:

- ХҚДБ және ЕҚДБ-дан қарыздар қаражаты - 24,02 млрд. теңге (2003 жылы 11,08 млрд. теңге);

- негізгі қызметтен 100% төлемдер түсуінің есебімен операциялық қызметтен - 55,89 млрд. теңге (2003 жылы 16,69 млрд. теңге).

2003 жылғы 1 қаңтардағы ақшалай қаражаттар қалдығы 1,71 млрд. теңге мөлшерінде жоспарлануда.

2003-2005 жылдарға жоспарланып отырған төлемдер 78,96 млрд теңгені құрайды (с.і. 2003 жылы - 27,67 млрд. теңге), оның ішінде:

- барлық көздер есебінен негізгі қорларға инвестицияларға - 39,08 млрд. теңге (2003 ж. 15,93 млрд. теңге);

- Қоғамның операциялық қызметіне арналған шығыстар 37,03 млрд. теңге құрайды (2003 ж. 11,24 млрд. теңге);

- ХҚДБ, ЕҚДБ кредиттері бойынша пайыздар мен комиссияларды төлеуге - 2,33 млрд. теңге (2003 ж. 351,1 млн. теңге);

- дивидендтерді төлеуге - 27,4 млн. теңге (2003 ж. 11,8 млн. теңге).

2005 жылдың соңына ақша қаражаттарының қалдығы 3,4 млрд. теңгені құрайды, оны кейінгі кезеңдерде Қоғамның операциялық қызметін қаржыландыру, негізгі борышпен кейінгі жылдары қарыз қаражаттары бойынша пайыздарды өтеу үшін резервтер құру үшін пайдалану жоспарлануда.

500 кВ "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі" транзитінің екінші желісінің құрылысы кезінде Қоғам 2003-2005 жылдары 29,03 млрд. теңге мөлшерінде қарыз қаражаттарын алуды және оларды осы желінің құрылысына инвестициялауды жоспарлауда. Сонымен қатар, осы жобаны іске асыру қарыздарға қызмет көрсетумен байланысты белгілі бір қаражатты талап етеді. Электр жеткізу желісі құрылысының есебінсіз нұсқаға қатысты шығыстардың жалпы ұлғаюы 29,77 млрд. теңгені құрайды, ал 2005 жылға 31 желтоқсандағы қаражаттар қалдығы 1,95 млрд. теңгені құрайды.

## **11. Бюджетпен қарым-қатынас және дивидендтік саясат**

"Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 тамыздағы N 1159 қаулысына сәйкес Қоғам таза кірістің 10 %-ын дивидендтерді төлеуге жұмсауды жоспарлап отыр.

2003-2005 жылдары Қоғам 4,8 млрд. теңге сомасында тікелей салықтар мен

алымдарды төлеуді көздеп отыр, с.і. мүлік салығына - 2,2 млрд. теңге, көлік құралдарына - 18,9 млн. теңге, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы - 634,2 млн. теңге.

## 12. Әлеуметтік бағдарлама

